

Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 6 қарашадағы N 1066 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақ әуендері" акционерлік қоғамы 2006 жылға арналған сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар Қазақтан халықтары ассамблеясының он екінші сессиясын дайындауды және өткізуді қамтамасыз ету бойынша қызметтерді көрсетуші б о л ы п б е л г і л е н с і н .

2. Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі заңнамада б е л г і л е н г е н т ә р т і п п е н :

1) осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасуды;

2) қызметтерді мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды, сондай-ақ "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 21-бабының 3 және 4-тармақтарын о р ы н д а у д ы ;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі